

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі



Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет

Сабақтың тақырыбы:

« Математика – сырлы әлем»

(эстафеталық сайыс сабақ)

Дайындаған: Б.Туреев

Шардара қаласы 2022 жыл.

Сабақтың тақырыбы: « Математика – сырлы әлем»
(эстафеталық сайыс сабақ)

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға логикалық, викториналық т. б есеп түрлерін шығарудың шапшаң түрлерін ойын арқылы үйрету.
2. Математика, информатика және дене шынықтыру пәндерін біріктіре келе есептерді шапшаң шығару дағдыларын жетілдіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушыларды адамгершілікке, ұқыптылыққа, зейінділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Мұғалім:

Саламатсыздар ма оқушылар? Біз бүгінгі сабағымызды эстафета түрінде ұйымдастырамыз.

Есептеуге жүйрік болсаң жасыңнан,

Математикаға орын берсең басынан,

Барлық ғылым саған үйір болады,


Досың солар табылатын қасыңнан!

Олай болса балалар, біздің математикалық эстафеталық ойын сабағымыз 4 кезеңнен тұрады.

I кезең

«Шынықсаң- шымыр боларсың»


Ойыншы секіргішпен белгіленген орынға секіріп барып, партадағы 5 есептің біреуін алып, берілген есепті шығарып, мәреге секіргішпен қайтады.



II кезең

«Ойлан тап»


Бірінші ойыншы кедергілер арасынан допты алып өтіп, партадағы сұраққа жауап жазып, келесі ойыншыға допты әкеліп тапсырады.



III кезең

«Жылан жарысы»


Бірінші ойыншы таяқшаны алып, ортаға қойылған кедергілердің арасынан жүгіріп барып, сақамен асық атады. Асыққа тигізсе 1 ұпай алады. Сосын партады 5 есептің біреуін алып, бірілген есепті шығарып, таяқшаны келесі ойыншыға тапсыру шарт.



IV кезең

«Мергендер» сайысы

Әрбір ойыншы жүгіріп барып белгіленген орындағы жебені алып нысанаға тигізген соң сұраққа жауап беріп орнына қайтып келуі тиіс.



Жазып: 12.11.80